

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр берген мұнай өнеркәсібін өркендетуге ерен еңбек сіңірген, сол арқылы тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуын қамтамасыз еткен мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

**Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

Биографическая серия «Почетные ветераны казахской нефти» посвящается ветеранам-нефтяникам, которые своим трудом внесли неоценимую лепту в становление нефтегазовой отрасли – основного стержня экономики Республики Казахстан, позволившей стране влиться в ряды мировых нефтяных держав, тем самым навечно вписав свои имена в историю нашей независимой страны.

**Общественный фонд «Мұнайшы»
имени Н.А. Марабаева**

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Үміт Жәлеке

ӨЗЕНМЕН ӨЗЕКТЕС ӨМІР

Қолғанат Құлсариев



Алматы 2020

ӘОЖ 550

КБЖ 26.3

Ж 36

Жәлеке Ү.

Ж 36 **Өзенмен өзектес өмір** / Үміт Жәлеке. «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. – Алматы: Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2020. – 240 бет.

ISBN 978-601-326-396-0

Бұл кітап есімі өлкемізге белгілі, білікті геолог, іскер басшы, абыройлы азамат, саналы ғұмырында Маңғыстау байлығын игеру ісіне зор үлес қосып, жер қазынасын халық игілігіне жаратуда еселі еңбек еткен Қазақстан Республикасының Жер қойнауының құрметті барлаушысы, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Қолғанат Құлсариевтің өмірі және еңбек жолы туралы сыр шертеді.

ӘОЖ 550

КБЖ 26.3

ISBN 978-601-326-396-0

© «Мұнайшы» ҚҚ, 2020



*«ӨзенМұнайГаз» акционерлік қоғамының
55 жылдығына арналады*

Амисоз орнына

Жолтаев Герой Жолтайұлы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
ҚР Ұлттық инженерлік академиясының,
Халықаралық инженерлік академияның,
Минералды ресурстар академиясының академигі.
Профессор, геология-минералогия
ғылымдарының докторы.
Қ.И. Сәтбаев атындағы геологиялық
ғылымдар институтының Бас директоры

ОЛ ГЕОЛОГ МӘРТЕБЕСІН БИҚТЕТТІ

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында киелі Маңғыстаудан мұнайдың мол қоры ашылып, бұрындары бұйығылау жатқан киелі түбектің тамырына қан жүгірді.

Кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбаев осы бір сүйінішті кезең – Маңғыстаудың түлеген кезін «Ұйқыдағы арудың оянуы» деп атап, туған жерінің өткені мен бүгінін байланыстыра отырып, тарихи-деректі құнды кітап жазды.

Түбек төсінен «қара алтын қазынасының» табылуы талантты да білімді жастардың осы салаға көптеп келуіне жол

ашты. Сол жылдарда еліміздің экономикасының алтын діңгегі – мұнай-газ саласының игерілуіне өз үлестерін қосуға ниеттенген жастар мұнайшы мамандықтарын тандап, жоғары оқу орындарын бітіріп келіп, геолог мамандығының мәртебесін көтеруге атсалысты.

Мен 1963 жылдан бастап Қазақстанның қазба байлықтарын іздеп табу жолында еңбек етіп, елдің берекесіне баланатын геология саласы мамандығын таңдаған мыңдаған жастарымызға ұстаз болып келе жатқан ғалыммын. Ғалымдық жолымда белгілі шәкірттерімнің бірі марқұм Қолғанат Құлсариев Өзен (сол кездегі Одаққа белгілі кен орны) кен орнында қарапайым операторлықтан бастап, айрықша қабілетімен Өзен басқармасының Бас геологы лауазымына дейін көтерілген айтулы маман болатын.

Қолғанат Өзен кен орнының геологиялық құрылымына талдау жасап, кен орнының XIII қабаты жылғаларынан тұратындығын анықтап, мұнай қабатының сыртқы контурының аумағын үлкейтіп, карта жасаған білікті маман еді. Өндіріске енгізілмеген Парсымұрын күмбезінің XVII қабаты мен негізгі күмбезінің XIX қабатын жан-жақты ізденістер мен зерттеулер жүргізудің нәтижесінде басшылық игеруге шешім қабылдады.

Бұл жаңадан анықталған мұнайлы қабаттар мұнай өнімін көбейтуге үлкен үлес қосты. Ол өзінің еңбек еткен жылдарында сала геологтарымен қарқынды жұмыс істегенде жаңа кен орындарының игерілетініне күмән жоқ еді. Бірақ, амал не, өлшеулі өмірдегі татар тұз-дәмі таусылып, осындай абзал азаматымыз кенеттен жарық дүниеден өтті.

Замандастарының ілтипатына бөленген Қолғанат Орынұлы шын мәнінде бақытты ғұмыр кешті. Аяулы жар, ардақты әке болды. Балаларының барлығы жоғары білімді, отбасын құрған, олардан немере сүйді. Қолғанат Құлсариевтің мағы-

налы өмір жолын, еңбекқорлығын, мақсаткерлігін, адалдығын, жауапкершілігін, парасаттылығын бүгінгі жастарға айтып, үлгі ету біздің парызымыз болмақ!

Қазақстан мұнайының 120 жылдығы, Өзен мұнайының 55 жылдығы мерейлі мерекесінің қарсаңында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен Н.Ә. Марабаев атындағы қор басшылығының шешімімен «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян топтамасында шыққалы жатқан мұнайшы-геолог Қолғанат Құлсариев туралы еңбек құтты болсын дейміз!

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымына мұнайы көбейе берсін дегіміз келеді!

Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының еңбектері еселене берсін!

***Мұрат Ізбергенұлы Құрбанбаев,**
ардагер мұнайшы,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бұрынғы басшысы*

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ, БІЛІКТІ МАМАН

Қолекең марқұм өзімен бір рет кездесіп, әңгімелескен адамды үлкен адамгершілігімен, кәсіби шеберлігімен, ұшқыр да байсалды ақыл-ойымен баурап алатын еді. Қолғанат Орынұлымен үлкен де қиын кен орнында бірге жұмыс істеген кезімде маған да осындай мүмкіндік бұйырды.

Өзен кен орны Кеңес Одағында ең ірі кен орындардың бірі болып, Одақ басшыларының әр кез тексерістері мен қадағалауында болатын. Мамандар таңдағанда да жергілікті мамандарға аса жоғары талаптар қойылып, келімсек маман-

дарды алға тартумен жоғары өсіріп отыратын кездер көп болды. Қазақ мамандарының орта және ілгері буындарынан өз еңбегімен, алғыр ойымен және білім-білігімен көтерілген мамандардың бірі Қолғанат Құлсариев болды.

1972–1982 жылдары Өзен кен орындарында қатардағы геолог қызметінен бастаған Қолғанат Орынұлы бөлім бастығы, 1883–1991 жылдары ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының басшысы болып қызмет етті. Ол кезде жас маманға бұл үлкен сенім және абырой болатын. Ғылыми жұмыстарды жүргізе отырып, өзінің ізденістерін жалғастырып болатын. Қабатқа ыстық су айдау, теңіз суының кен орнына айдау кезінде тигізетін кері әсерлері жөнінде, ұңғыма өнімділігін арттырудағы ұсыныстарын берген болатын.

1991–1997 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ геология бөлімінің басшысы және Бас геологы қызметінде болған кезінде Одақтың құлауы, өндірістің қиыншылығына төтеп беру шараларын өзіне берілген міндеттерге сәйкес, бірнеше ұсыныстар мен ішаралар жасақтаған болатын. Сол шаралардың бірі ұңғымаларды тиімді пайдалану әдістерімен жаңа ұңғымаларды тиісті өнімді аумақтан қазу болатын.

1997–2000 жылдары Инженерлік ғылыми-зерттеу басқармасы және 2002–2004 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығының вице-президенті қызметі және 2002–2008 жылдары қабаттың мұнай беру қабілетін арттыру басқармасында басшылық қызметтері – Өзен мұнайының бүгінгісі мен болашағын зерттеу және жоспарлар жасақтауда Қолғанат Құлсариев көп еңбек сіңірген болатын.

Өндіруден тыс қалған мұнай қорларын анықтап, ол аумақты игеруге оның әдістерін толық меңгеріп, білгенінің бәрін өз шәкірттеріне үйретіп отыратын.

Бүгінде өндірісте кеңінен тарап үлкен мәселе болған күкіртті сутегін бүкіл кен орынды бір өзі ғана басқарып, керекті

ұңғымаларға «Бактерицид» айдатудың арқасында уақытында кен орны өндірісін қалыпты жағдайға әкеліп отырған.

Ортаға абыройлы, білікті маман Қолғанат Орынұлы үлкен кен орнының қыры мен қиындығын түсіне білген, көрегенді шешім қабылдайтын білікті азамат болуымен бірге, ол өзінің кәсібін жалғастыратын ізбасарларын дайындап, артына талай шәкірттерін қалдырып кеткен ұлағатты ұстаз.

Қолғанат Орынұлының жарқын бейнесін ілтипатпен еске ала отырып, жатқан жері жарық болсын, иманы жолдасы болсын, шапағатын үрім-бұтақтарына шашып, желеп-жебеп жатсын дегіміз келеді.

Марқұм Қолекең секілді асыл азаматтың аруағын риза қылып, өнегелі өмір жолы мен елі үшін атқарған игі істеріне арнап кітап даярлап жатқан Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры ұжымының еңбегіне табыс тілеймін!

Құлсары әулеті

Құлсары Қодарұлы – Адай атаның қара шаңырағы Мұңалдан тарайтын Бәйімбет тайпасының құрамындағы Медет руының азаматы. Ал Адай – Мұңалдың белгілі батыры Медет Сабытайұлы (Жандайдың тете інісі) 1670–1690 жылдар шамасында туған тарихи тұлға деген ауызекі деректер бар.

Медет ата жайындағы шежіреде оның Құл, Жанбол (Батыр), Байбол, Атағозы, Үдер атты бес баласы болған деген мәлімет беріледі. Байболдан – Арғынбай, Алшынбай, ал Алшынбайдан – Жолдыбай, Қалдыбек болып таралады.

Қалдыбектен: Айтбай, Есбай, Қодар, Құлбатыр, Ақжігіт атты ұрпақтар дүрейді. Қодардан – Құлсары, Мыңжан туған.

Медет ауылының Маңғыстауға келгендегі алғашқы қоныстанған орындары – Шайыр өңірі, Ұлыбау, Күркіреуік, Шеңгел, Сарыой, Шоқайлы, Асардың ойы, Қарашажы – Торбасы, Ащыбас – Шат, Қарадуан, тағы басқа сулы алқаптар болған көрінеді. Сондықтан «Медет ауылының атақұлдігі – Шайыр» деген ұғым ел арасына кеңінен тарап кеткен.

*Шайыр ауылы қалмаған кейін көшіңнен,
Алтын аймақ боп жаралғандай-ау төсіңнен.
Өзің емес пе, кіндігін кесіп, той жасап,
Топырағыңнан бар жақсыларды өсірген,–*

деп ақын жырлағандай, шежіреші қарттар мен ақын-жыраулардың айтулары бойынша, Медет ауылынан мыңғырған малдары бар байлар мен жауларына атой салған ер жігіттер көп шыққан.

Бұрынғы және соңғы кезеңдерде Еңсептей шежірешісі, Жылкелдідей Қайқысы, Жалмағанбеттей палуаны, қара Тілеген, Өткілбайдай биі, Избас, Тілен, Тәттімбет, Арғынбай, Тегісбай, Есболай сияқты батырлары, Қондыбай Серікбол сияқты мифолог ғалымы, Шанды, Қыдырбай, Мұханбет, Байғали (Махамбет Өтемісұлының жиені), Байғалиұлы Орақ ақын, Орын домбырашы, Аралбай сияқты елге, Маңғыстау жұртшылығына танымал азаматтары болды.

Шайырды қазақ даласында мыңдап кездесетін тарихы тереңде жатқан ауылдың қатарына қосуға болады деп ойлаймыз. Ол туралы белгілі жазушы, тарих зерттеушісі Әнес Сарай: «Біздің дәуірімізден бұрынғы VII ғасырдан бастап осы өңірдің автохонды (байырғы) жұртына айналған дай-массagetтер, біздің заманымыздан бұрынғы 630 жылы Үстірттің оңтүстік құлай берісіндегі Дариялық (Узбой) бойында 200 мың парсы әскерін қырғынға салып, парсы патшасы Кирдің басын қаққан қайсар қызы Тұмар патшайымның өжет елі – кейінгі адайлар екенінің басы ашық. Маңғыстау жұрты ат-заты тарихта хатталған, ақиқаты анық-қанық алғашқы патшалары Томирис екенін мақтан етулеріне болады. Маңғыстауға «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткенде», осы топырақтың төл жұрты адайлардың өзі «үш рет келіп, үш рет кетті». Осындай ауамалы-төкпелі ауыс-түйіс әбігерінде адайлар тұңғыш патшалары Тұмар ханымның есімін жадтарынан түсіріп алды. Алайда өздерінің әйел патшадан тарағанын ұмытпады. Сондықтан да, Маңғыстау жұрты өздерін Ханбибі анадан дүредік дегенде, Ханбибі астарында Тұмар ханым тұр деп түсін-

геніміз жөн. Ал Тұмар болса, Шайыр жеріндегі Сырлытамда жатыр», – деп жазды.

Республикамызға танымал, қазақтың арқалы ақыны Несіпбек Айтұлының Серікбол Қондыбай рухына бағышталған «Ерлік пен тектілік» поэмасында Медет ауылының қоныстары жайлы мағлұматтарды атап өтеді.

*Мың жылдап бабалары тірлік кешкен,
Ата-жұрт артта қалып кіндік кескен.
Келеді қалың нөпір күңіреніп,
Түнеріп түйдек бұлттай сырғып көшкен.
Тыныштық төңкеріліп қас қағымда,
Өмірдің дауыл тұрды аспанында.
Өкшелеп қалмайтұғын қасіреттей,
Қара шаң шұбырады көш соңында.
Сыя алмай туып-өскен жерге, тегі,
Көшкен ел көздің жасын көлдетеді.
Алдында не күтіп тұр, Құдай білсін,
Жеткізбей үміт шіркін, шөлдетеді.
Адайдың бір руы Медет деген,
Жұрт еді іргесінен жел өтпеген.
Төрт мың үй көтеріліп түгел көшті,
Әуре боп басқа түскен әлекпенен.
Аңырап атамекен қап барады,
Соңына жылай-жылай көп қарады.
Қия алмай Сарбұлақты, Күркілдекті,
Шерқала, Айрақтыны, Көкқаланы.
Шіркін-ай, Шеңгел, Сарыой, Шайыр қандай,
Мыңғырып төрт түлік мал жайылғандай.
Қалдырды қыс қыстауын, жаз жайлауын,
Кім енді елдің бетін қайырғандай?*

*Желдетсе Маңғыстаудың маң даласы,
Жусанның малынады шаңға басы.
Қалқа боп қашқан жұртқа келе жатқан,
Өткілбай – рудағы ел данасы, –*

деген жолдардан Медет ауылының жаз жайлауы мен қыстағы қыстауын аңғарамыз.

Қодарұлы Құлсарының жалғызы – Орын өзінің дүниеге келуі туралы: «Менің шешем Болған Қосайдың Шалбар руының азаматы Сақтапберген деген кісінің қызы еді, ол әкем Құлсарының екінші әйелі. Бұрынғы әйелі Жаңай руының қызы қайтыс болғаннан кейін менің шешеме құда түсіп алыпты. Осы жағдайды білетін Жаңай ауылының азаматтары әлі күнге дейін маған жиен дейді. Бұрынғы шешемізден ұрпақ өрбігенмен, қиын-қыстау ашаршылық кездерінде бәрі де қайтыс болған.

Менің әкем Құлсары 1931 жылдың қараша айында 63 жасында ауырып, қайтыс болған. Үйімізде шешем мен Сәнім апам қалады. Аяғы ауыр қалған шешем бір күні түсінде әкемді көріпті. Әкем оған түсінде: «Үйдің шаңырағын ұстайтын ұл балалы боласың, атын Орын қоярсың», – деп аян берген көрінеді. Содан соң шешемнің көрген түсі қолға ұстатқандай болып, көп ұзамай мен дүниеге келген соң, Орын болсын деп, азан шақырып атымды қойыпты», – дейді.

Қай уақытта да жесір әйел, жетім баланың көретін күні белгілі ғой, әрі бұл қалың елдің басына қайғы-қасірет зауалын туғыза келген мешін жылы болса, олардың күнкөріс жағдайының қандай шамада болғанын оқырманның өзі бажайлай берер.

Иә, бір кездері иен жайылымына төрт түлік мал сыймай, молшылықтың арқасында дәурені тасып, салтанаты асқан ұлы дала бұл жылдары адам танымастай өзгеріп, қойны-қонышын құйын кезіп құлазып жатты. Қазақ жерінде қы-

зыл үкіметтің солақай саясатының кесірінен қолдағы малдан айырылған бұқара халық қайда барарын білмей, аранға кезіккен киіктей аңтарылып, ел ішінде ашаршылық орнап, жұрттың жаппай қырылған кез еді бұл.

Ашаршылық, бүгінгі тарихшы ғалымдар айтып жүргендей, қолдан ұйымдастырылды деген пікірмен келіспеуге шараң қалмастай. Себебі он жылға созылған халықты қанаудың салдары сондай алапат ашаршылыққа ұшыратқанына құжаттар арқылы көзіміз жеткендей болады. Кеңес үкіметі ұжымдастыру науқанын пайдаланып, қазақтың жанын алып қалатын жалғыз байлығы – малын ортаға салып, төрт түліктен тұл қалдырса, қара қазақ аштан қырылмағанда қайтеді?! Егер осы сөздерді растайтын мұрағат деректеріне көз жіберсек, төмендегідей ақпаратқа тап боламыз.

«1921 жылы жазда қуаңшылық болып, малдың 80%-ы қырылды. Астық мол болған аймақтардан азық-түлік отрядтары орталыққа ауылшаруашылық өнімінің 80%-ын әкетті.

Әсіресе, мал шаруашылығы күйзелісті шығынға ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында 40,5 млн мал болса, 1933 жылы содан 4,5 млн мал қалды.

1921 жылғы 14 маусымда «Нақты ет салығы туралы» декрет шығып, қазақтар ет салығынан босатылды. 1922 жылы егістіктің 60%-ына кеңес үкіметі берген дән себілді. 1922 жылғы 4 тамызда ауылшаруашылық машиналарын сатып алу үшін 25 млн сом берілді. 1922 жылы мал сатып алу үшін 2 млн 131 мың сом бөлінді. 18,5 мың жетім бала Ресейге әкетілді. Кеңестік Түркістан туыскандық көмек көрсетті. 2 млн пұт астық жіберілді. Республикадан 20 мың ашыққан адам қабылданды.

1929–32 жылдардағы асыра сілтеушіліктің салдарынан қолындағы малдан айырылған ел жаппай аштыққа ұрынды.

Статистика деректері бойынша 1930 жылы – 313 мың адам. 1931 жылы – 755 мың адам, 1932 жылы 769 мың адам қайтыс болды. 1930–1932 жылдары барлығы 1 млн 750 мың қазақ немесе халықтың 40%-ы жаппай қырылды.

Ақтөбе облысында 1930 жылы 1 млн 12500 адам болса, 1932 жылы 725 800 адамға кеміген (71%). Балқаш ауданында 1930 жылы 60 мың адам болса, 1932 жылы 36 мыңы қырылып, 12 мыңы басқа аймақтарға көшіп кетті. 1930–1931 жылдар аралығында 1 млн 70 мың адам Қытай, Иран, Ауған жеріне көшті. Солардың 414 мыңы кейін елге жетті, бірақ 616 мыңы қайтып оралған жоқ. 1930–1933 жылдары 2,1 млн адам аштықтан қырылды» деген дерек көздеріне тап боламыз және Тас мешіннің қазақ ұлтының басына қандай нәубет болып келгеніне көзіміз жетеді.

«Тас мешін» деген атпен тарихта қалып, талайды қырғын-апатқа ұшыратқан 1932–33 жылдары республика бойынша жаппай аштыққа ұшыраған халықтың тең жартысына жуығы қырылып, үштен бірі өлмеудің қамын ойлап, кәсіп іздеп тентіреп басқа аймақтарға көшіп кетті. Бұл жағдай Құлсары әулетін де айналып өткен жоқ-ты. Балапан басына, тұрымтай тұсына дегендей заманға кез болған Құлсары әулеті де атамекенді артқа тастап, 1933 жылы жаз шыға бас сауғалаған босқындар легіне қосылады.

Оның алдында үлкен қызы Ақзер Ұштағанның Ғалым деген жігітімен бас қосып, сол жерде қалып қойыпты. Отбасы бар болғандықтан, Болған оған көп алаңдаған жоқ, тірі болсақ, тағы көрісерміз деп, қолындағы балаларын аштан өлтіріп алмаудың қамына кірісті.

Бір жасар сәбиін бауырына қысып, керек-жарағын түйіншекке түйіп, арқасына таңып алып, бойжетіп қалған Сәнімді соңына ерткен қырыққа жетпеген жесір әйел Болған да көп-

тің қарасына ерумен өндірісті мекен Бекдашқа жетеді. Ол жерге тарыққан қазақтар қарғынның суындай жан-жақтан жиналып, әркім әлі жеткенінше кімі киіз үйін тігіп, кімі жертөле баспана қазып алып күнелтіп жатыр екен.

«Біздің ауылымыз Маңғыстаудан 1932 жылдары Красноводск бағытына, Бекдаш елді мекеніне талап іздеп қоныс аударған.

Бұл Маңғыстаудың бірқатар отбасылары жан-жаққа үдере көше бастаған уақыт болатын. Біздің отбасымызда көп адам болмаса да, әкеміз қайтыс болған соң, үйде бас көтерер кісі жалғыз шешем болып қалған. Шешеміз ақылды, қайратты, қолы шебер, Медет ауылының таңдаулы келіндерінің бірі болған көрінеді», – деп еске алатын әулет басшысы, мәдениет саласына саналы өмірін арнаған Орын Құлсариев.

Ол кезде Бекдаш портының айналасында орналасқан Сартас, Алтыншы, Омар Ата секілді қазақ ауылдарының тұрғындары негізінен ашаршылықтан ауып барған маңғыстаулықтардан құралған болатын. Іргесі 1921 жылы үш барактан құралған Қарабұғаз жұмысшы кенті кейінірек, 1931 жылдан бастап Бекдаш деген атпен қайта жаңғырып, натрий сульфатын ашық бассейндерден өндіре бастаған еді.

Өндірістің көлік базасы, темір жол тұйығы Омар Атада, ал негізгі өндіріс ошағы Алтыншы көлде орналасты. Қазақтардың қолымен өндірілген өнім тар табанды темір жолмен Сартасқа жеткізілетін де, сол жерден теңіз асып жататын.

Сол кезде Бекдаш портының басындағы жалғыз тас барак «Қарабұғазсульфат» комбинатының мекемесі болды. Ал жұмысшылар жатағы ағаш үйлерден, жертөлелерден құралған қарапайым баспаналар – қазақ ауылдары болатын.

Сол кезде Маңғыстаудан жаппай жұмыс іздеп келгендердің бірі, сульфат кәсіпшілігіне жездесінің көмегімен жү-

мысқа тұрған Болғанның тағдырласы Нұржан атты әйел болатын. Ол күйеуі Мергенбай тұтқындалып, хабарсыз кеткесін, Оңды маңындағы құдықтың басынан Шағадам бетіне ұзатылған апасын іздеп жолға шығып, жасқа толмаған қызы Құндызды темір шелекке салып алып, кішігірім киіз үйін түйеге артып, көштің соңына еріпті.

Бірақ, бір жерге жылан жауса, бір жерге кесіртке жауады демекші, Шағадам басының да күйі шамалы екен. Арып-ашып жеткен апасының күйеуі ұсталып кетіп, бала-шағасын зорға асырап отырғанын көрген Нұржан мініп келген көлігі – жалғыз түйесін жасырып сойып, бірнеше ай соны екі үйлі жан болып жабылып тамақ қылады. Себебі бас көтерер азаматынан айырылған апасының шиеттей баласы ашығып, талғажау етер нәр таппай, әбден тарығып отыр екен.

Қарайған адам бір түйенің етіне ортақтасқан соң, қоя ма? Азықтың түбі көрінеді. Түйенің еті таусылған соң, еті тірі әйел аштан өлмеудің қамын жасап, үйренген орнынан қозғалғысы келмеген апасының үйінен бөлініп, өзінің екі баласын ертіп, сүлпәт (сульфат) өндіріп жатқан Бекдашы маңына жетіпті. Сол мезгілде апасының едәуіршік балалары прес-тенге (пристань) барып жүк түсіріп, күндік азығын айырып тұруға жарап қалғандықтан, олар сол жерде қала береді.

Маңғыстаулық журналист Мұрат Жетекбаевтың құрас-тыруымен жарық көрген «Балқан тауға барған ел» деген жинақты парақтасак: «1929 жылы Қарабұғазкөлдің тұз кәсіпшіліктерінде 400-дей адам жұмыс істесе, 1933 жылы олардың саны 4 900 адамға жетті. Соның ішінде өндірістегі (1935 жылы) қазақтардың үлесі 60 пайыздан асты» деген дерекке куә боламыз.

Құжат куәлік бергендей, шындығында, жан сақтау үшін Бекдашқа барғандар көп еді, солардың бірі маңғыстаулық

Қараш руының келіні, Есен ауылының қызы, Нұржаннан үш-төрт жастай марқалығы бар қырықтан енді асып жүрген Медеттің келіні Болған есімді әйел еді. Күнінде байдың келіні болған Нұржан еті тірі, қажырлы әйел екен. Көрші болған екі жесір апалы-сіңлідей араласып, арқаласып күнелте бастайды.

Отбасын асырау үшін екі жесір қандай қиындыққа да мойымай, не көрсе де, көпшілікпен бірге көруге бел буады. Жұрттың бәрі аш-жалаңаш, елдің бәрінде жоқтық, жетпестік. Тамақтары тоқ емес, бірақ бәрі өздеріндей кедей-кепшік болған соң, жұмыстың ауырлығына, тұрмыстарының қиыншылығына төзуге тура келеді.

Ер-азаматы қуғын-сүргінде ұсталып кетіп, хабар-ошарсыз кеткен Нұржан мен күйеуі қайтыс болған Болған екеуі сульфатта бес жылдай бірге жұмыс істеп, сол жылдар ішінде тату-тәтті дос болып кеткен көрінеді.

Нұржан – өзінің екі баласы: тоғыз жасар Мұханмеди мен бір жастағы Құндызды, Болған – Орынды, екі үйдің үш баласын он үш-он төрттегі бойжетіп қалған қыз Сәнімнің қарауына қалдырып, білек түріп, ертемен жұмысқа кетеді. Жұмыс болғанда, ол кездегі қара жұмыстың бәрі қолмен атқарылады. Қызылкүп, Алтыншы өндірісті көл табандарының өнімі сульфатты қазақ әйелдері қолмен қаптап, аузын тігіп, арба сүйреп жүрген еркектердің алдына өңгертіп жібереді.

Олар оны бір жерге үйіп, тар табан жолмен Сартасқа жеткізеді. Әрі қарай теңіз жолымен Баку арқылы Ресей асып जाताды. Бұл жұмыстарына бригадир еңбеккүн жазады, азын-аулақ қаржы-қаражат береді. Екі әйел балаларының қарнын тамаққа тойғызып қарық қылып жүрмесе де, әйтеуір, талшық қылатын нәпақа табуға талап қылып тырбанумен, тынбай күнелтіс жасаумен болады.

Сол уақыттарда төрт-бес жастағы бала Орынның анасы Болған мен Орынмен жандай құрдас Құндыздың анасы Нұржан басы қосылып, оңаша қалған сәттерде әңгіме-дүкен құрып отырып, балаларының болашағына күн ілгері көз жүгіртіп, осыдан аман-есен елге жетіп, қатарға қосылар күн туса, бір-бірімен құдағай болуға келіседі.

Екеуінің де ер-азаматтары жоқ, екеуінде де бір ұл, бір қыздан – екі бала. Өзара құдағай болуға ұйғарым жасаған жесір әйелдер болашақта қыз бой жетіп, ұл ер жетіп, кәмелетке толған шақта екеуін қосып, құдағай болуға шын көңілмен ниет қылып, қол алысады.

Сол шамада Болғанның бойжеткен қызы Сәнім Шағадам жақтың жаңай жігіті Хамитпен көңіл қосып, тұрмыс құрады. Құлсарының күйеубаласы Хамит өнерден құр алақан емес болып шықты. Ол Маңғыстаудың «Жеті қайқысы» атанған өнерпаз серілер тобының белді бір өкілі Өскінбай Қалманбетұлының кенжесі болып шықты. Күйші, әнші Өскінбайдың тұяғы болған соң, өнерсіз қайдан болсын, Хамит керемет әнші екен. Оның айтатын әндері сол маңғыстаулық жеті қайқының – Өскінбай, Жылкелді, Шолтаман, Досат, Тұрсын, Тастемір, Әділдің әндері.

Ол да жалғыз ағасы Мұрат жаламен ұсталып кеткесін, әркімнің есігінде күнелтіп, жан бағып жүрген жетім жігіт екен. Басында баспанасы жоқ, ағайын сағалап жүрген жігіт қайын жұртымен арқаласып, бір шаңырақтың астында бірігіп күнелте береді.

Тағдырдың бұйрығы солай болған шығар, 1939 жылдың күзінде туған жер – Таушықтан көмір шығып, өндіріс ашылып жатыр деген жақсылық хабарды естіген маңғыстаулықтар енді елге қарай жаяу-жалпы қайта шұбыра бастайды. Қайда да қара жұмыспен жан бағатын болған соң, не де